

Г.Ж. Бейсембекова* , М.А. Алпысбес 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: gulbagira_26@mail.ru; alpysbes@gmail.com)

Шыңғыс қаған шежіресі: тарихи төл дереккөз мәселесіне

Мақала тарихта есімі кеңінен танылған Шыңғыс қағанның тұлғасына қатысты ғылыми әдебиеттер мен деректер негізінде оның тарихи рөлі мен бейнесіне байланысты мәселелерді талдау жасауға арналған. Ортағасырлық тарихи дереккөз — ғылымда шартты түрде «Моңғолдың құпия шежіресі» деп аталып жүрген туындының жазылуы мен зерттелуі туралы тұжырымдар жасауға бағытталады. Туындының ғылыми айналымға ену үдерісі, сондай-ақ әр кезеңдегі түрлі тілдерге аударылу ерекшеліктері мен аударма нұсқаларының ғылыми құндылығы қарастырылған. Авторлар Кеңестер Одағы кезеңіндегі Б.И. Панкратов, С.А. Козин және Б.Я. Владимирцов сынды ғалымдардың еңбектері мәтінінің тілдік, тарихи және құрылымдық ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеу, ғылыми аудармалар мен түсіндірмелер жасау арқылы кеңестік моңғолтану мектебінің қалыптасуына негіз болғандығына талдау жасаған. Еуразия кеңістігінде XIII–XIV ғасырларда көшпенділік өмір салтын ұстанған, төрт түлік мал өсірумен және жылқы шаруашылығымен айналысқан түркі-моңғол ру-тайпаларының тұрмыс-тіршілігі мен тарихи болмысы жекелеген сюжеттік үзінділер арқылы сипатталады. Сол далалық ортада Шыңғыс қағанның дүниеге келуі, шығу тегі, өмір жолы мен төре әулетінің саяси тұрғыдан қалыптасу үдерісін баяндайтын бұл тарихи дереккөз тарихи шындықты тануға қызмет ететін маңызды материал ретінде қарастырылады. Шыңғыс қаған әулетінің арғы тегі мен ұрпақ жалғастығы жүйелі түрде сараланып, олардың арасындағы туыстық қатынастар құрылымдық негізде баяндалады. Мақаланың әдістемелік бөлімінде «Моңғолдың құпия шежіресінде» бейнеленген Шыңғыс қағанның «нұрдан жаратылған» ата-бабаларына қатысты деректер талданған. Сонымен қатар аталған туындының мазмұны Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих», Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі» тарихи шығармаларымен салыстырылып, ортақ сюжеттер мен тарихи мотивтердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталған. Түркі халықтарының шежірелік дәстүрі негізінде қалыптасқан бұл мәдени-тарихи мұралар халықтың ұжымдық тарихи жадын сақтауда және жекелеген тарихи тұлғаларға қатысты деректерді жүйелеуде маңызды рөл атқарады. Тарихи сюжеттер Шыңғыс қаған дәуіріндегі қоғамдық қатынастарды, билік құрылымын және рухани дүниетанымды түсінуге негіз болады. Зерттеу барысында дереккөздердің өзара байланысы, тарихи шындықты бейнелеу ерекшеліктері және авторлық ұстаным мәселелері ғылыми тұрғыдан қарастырылды. Салыстырмалы талдау авторларға бұл дереккөздің ғылыми құндылығы мен танымдық маңызының айрықша екенін айқындауға, оны тарихи деректерді сараптауда маңызды теориялық-әдіснамалық негіз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: «Құпия шежіре», Шыңғыс қаған, түркілер, моңғол, тайпа, нируун, шежіре, деректанулық талдау, тарихнама, көшпелі қоғам.

Kipicne

Түркілік кезеңдегі Орталық Азия далалық және таулы аймақтарын мекендеген ру-тайпаларының құрылымын, ретін, аға жолы мен ата салты тарихын, өзара әлеуметтік-тарихи қарым-қатынасын баяндайтын маңызды туындылардың бірі — «Моңғолдың құпия шежіресі». Шыңғыс қағанның ата-тегінің шежіресі, өскен ортасы, жүргізген әскери саясаты, ел билеу ісі, жорықтары, өмірінің соңында тақты мұрагері, ұлы Өгедейдің жалғастыруы туралы қысқаша қара сөзбен және жырмен баяндалған шығарма.

Бұл туындыда түрік-моңғол жерінде болған оқиғалар тарихи тұрғыдан шынайы көрініс тапқандықтан, өз заманының ерекше құжаты. Тарихи дереккөзінің шынайы болуын көрсететін басты белгілерге, әдеттегідей құжаттың сыртқы, ішкі қалпы, мәтіні, мәтін тілі және тіл ерекшеліктері, жазу дәстүрі, құрылымы, күн, ай, жыл мезгілдері сияқты хронологиялық белгілері, терминдік аппарат жүйесі мен тарихи кезеңге қатысты лексикалық сәйкестігі, фразеологиялық түсініктер жүйесі, шаруашылық-тұрмыстық сөздердің ұғымдық табиғаты т.б. жатады. Жалпы, кез келген тарихи шығарманың басты құндылығы — оның шындыққа негізделуі, өйткені уақыт өте келе ондағы деректер тарихқа айналады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulbagira_26@mail.ru

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі кезеңде тарихи сананы жаңғырту, ұлттық мұраларды қайта зерделеу және түрік-моңғол өркениеттерінің өзара байланысын терең түсіну қажеттілігімен айқындалады. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мен тарихи тамырларды тану мәселесі күн тәртібінде тұр. Осы тұрғыдан алғанда, «Моңғолдың құпия шежіресін» кешенді зерттеу — өткен мен бүгіннің сабақтастығын анықтауда маңызды рөл атқарады.

Дереккөз мәтінін кешенді талдау, ондағы генеалогиялық жүйенің мәнін айқындау және оның түркі дәуірімен тарихи-мәдени байланысын көрсету, сондай-ақ хронологиялық мәліметтерді нақтылап, оқиғалардың тарихи контекстін сипаттау зерттеудің басты мақсаты.

Туынды мазмұны қытай, түрік және көне моңғол тілдері мамандары тарапынан қайта қарастырылып, оның тілдік, тарихи және мәдени қырлары қазіргі гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан кешенді талдауды қажет етеді.

Шежірелер бастапқыда ғылым мағынасындағы тарихи дерек болу мақсатында емес, асыл бабалардың өмірлік тәжірибесін ұрпаққа жеткізу мақсатында жасалғандығын ескеруіміз керек. Шежірелер осындай тәжірибе мен рухани сабақтастық негізінде, жазба дәстүрі әлі қалыптаспаған көне дәуірлерде пайда болып, біртіндеп дамыды. Бүгінде шежірелер тарихнама, таным және деректану салаларының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [1; 4]. Көшпелі халықтар үшін шежіре — тек ата-тек шежіресі емес, сонымен қатар қоршаған ортаны тану, әлемдегі өз орнын анықтау, ұлттық болмыс пен тарихи жадыны сақтау тәсілі болды.

«Моңғолдың құпия шежіресі» дереккөзімен тікелей жұмыс жасап, оны өз тілдеріне аударып, ғылыми тұрғыда саралаған алғашқы зерттеушілердің бірі — ресейлік шығыстанушы П.И. Кафаров [2]. Ол қытай жылнамалары мен деректерін негізге ала отырып, мәтінді салыстырмалы талдау арқылы зерттеп, оны еуропалық ғылыми айналымға енгізуге елеулі үлес қосты. Кеңестер Одағы кезеңінде бұл мұраны зерттеу ісі жүйелі сипат алды. Атап айтқанда, Б.И. Панкратов [3], С.А. Козин [4] және Б.Я. Владимирцов [5] сынды ғалымдар мәтіннің лингвистикалық, тарихи және текстологиялық қырларын терең талдап, ғылыми аудармалар жасап, түсіндірмелер берді. Олардың еңбектері кеңестік моңғолтану мектебінің қалыптасуына негіз болды.

Қазақ зерттеушілері М. Сұлтанияұлы [6], Н. Базылхан [7], Т. Әбенайұлы [8] және басқалары бұл туындыны ұлттық тарих пен тіл тұрғысынан қарастырып, іргелі зерттеулер жүргізді. Олар мәтіндегі этнонимдер, антропонимдер, тарихи топонимдер мен көне лексиканы талдау арқылы қазақ халқының этногенезі мен тарихына қатысты тың тұжырымдар ұсынған.

Туындыны зерттеу барысында тарихи тұлғалар мен оқиғаларды заманауи ғылыми концепциялар негізінде қайта бағалау зерттеудің жаңашыл сипатын айқындайды.

Материалдар және әдістер

Зерттеудің деректік негізін Шыңғыс қаған әулетіне қатысты тарихи материалдар, оның өмірбаяны, мемлекет құру стратегиялары мен әскери құрылымын сипаттайтын жазбаша деректер құрайды. Атап айтқанда, Әбілғазының «Түрік шежіресі», Рашид-ад-диннің «Жамиғ ат-тауарихы» және түпдерек ретінде қарастырылатын «Құпия шежіре» еңбектері ортағасырлық тарихи үдерістерді, саяси-әлеуметтік құрылымды және билік жүйесінің қалыптасуын зерделеуде аса маңызды деректік құндылыққа ие.

Зерттеу барысында деректерді талдаудың кешенді әдіснамалық ұстанымдары қолданылды. Деректанулық талдау әдісі жазба ескерткіштердің пайда болу уақыты мен тарихи контекстін, авторлық ұстанымын, мақсат-мүддесін және идеологиялық бағдарын анықтауға бағытталды. Бұл тәсіл пайдаланылған дереккөздердің мазмұнын сыни тұрғыда саралап, олардың ғылыми құндылығын айқындауға жол ашты.

Сонымен қатар генеалогиялық (шежірелік) әдіс Шыңғыс қаған әулетінің шығу тегін, ұрпақтар сабақтастығын және ру-тайпалық құрылымдағы орнын жүйелеуде маңызды рөл атқарды. Аталған әдіс арқылы биліктің мұрагерлік сипаты мен әулеттік легитимділіктің қалыптасу тетіктері нақтыланды.

Зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдіс те кеңінен қолданылды. Бұл әдіс негізінде «Моңғолдың құпия шежіресі», «Жамиғ ат-тауарихы», «Түрік шежіресі» сияқты негізгі дереккөздердегі мәліметтер өзара салыстырылып, олардың мазмұндық ерекшеліктері мен интерпретациялық айырмашылықтары айқындалды. Нәтижесінде әрбір дереккөздің тарихи шынайылығы мен сенімділік деңгейі бағаланды.

Аталған еңбектердің ішінде «Моңғолдың құпия шежіресі» Шыңғыс қаған әулетінің шығу тегін мифологиялық әрі шежірелік сипатта баяндайтын маңызды дерек ретінде қарастырылады. Онда Бөрте Чыну мен Қоғай Маралдан бастау алатын тектік желі, сондай-ақ Алұн сұлуға қатысты нұрдан жаралу мотиві ерекше орын алады. Бұл сюжет билеуші әулеттің тылсым сипаттағы бастауын көрсететін идеологиялық құрал ретінде көрінеді.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде нұрдан жаралу мотивінің барлық қарастырылған дереккөздерде сақталғаны анықталды, алайда оның түсіндірілуінде елеулі айырмашылықтар бар. «Моңғолдың құпия шежіресінде» бұл құбылыс тәңірлік дүниетаным аясында берілсе, «Жамиғ атауарихта» исламдық таныммен ұштастырылады, ал «Түрік шежіресінде» тарихи-генеалогиялық жүйелеуге бейімделіп, біршама рационалдандырылған сипатта ұсынылады.

Сондай-ақ шығармалардың аударылуы мен ғылыми айналымға ену үдерісі кеңестік кезеңдегі идеологиялық ұстанымдармен байланысты қарастырылып, бұл мәселеде де деректанулық талдау әдісі қолданылды. Бұл өз кезегінде мәтіндердің интерпретациясына сыртқы факторлардың ықпалын бағалауға мүмкіндік берді.

Осылайша қолданылған әдістер жүйесі зерттеу нысанын жан-жақты қарастырып, Шыңғыс қаған әулетінің тарихи-мәдени болмысын кешенді түрде талдауға негіз қалады.

Нәтижелері

Қарастырылып отырған тарихи-хроникалық туындының бізге жетудегі жолдары өзге тілдер арқылы болғанын айту қажет, яғни біз қытай тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне аударылған мәтіндерді зерттеудеміз. Бұл жерде орыс тіліндегі шығарманың «Сокровенное сказание монголов» аталуындағы «сказание» ұғымы түрік тілінде «әпсана», «аңыз», «шежіре» түсініктеріне сай келеді. Сонымен қатар кейбір зерттеушілер тарапынан бұл туындының атын «Секретная история монголов» деп қолданатынын байқаймыз. Осы атаулар бір біріне ұқсас болып көрінгенімен, олардың мағынасында едәуір өзгешелік бар. Мәселен орыс тіліндегі «секретное» сөзінің қазақша мағынасы «жасырын», «құпия» немесе «бүркемеленген» сияқты мәндерде болуы мүмкін.

Зерттеу деректері көрсеткендей, туынды түпнұсқа емес, бірнеше деңгейлі аударма арқылы жеткендіктен, оның мазмұны мен құрылымы белгілі дәрежеде өзгеріске ұшыраған. Аударма кезінде кейбір ұғымдардың семантикалық трансформацияға түскені, ал терминдердің интерпретациялық мәнге ие болғаны анықталған. Осыған байланысты, көпсатылы аударма арқылы жеткен мәтіндермен жұмыс жүргізу олардың мазмұнын бірден қабылдаудан гөрі, деректанулық талдау және сыни бағалауды қажет етеді.

Зерттеуші синолог Б.И. Панкратовтың қытайшасындағы «Юань-чао би-ши» деп аталатын шығарманың шығуы туралы өзінің жасаған болжамына сай, «Бейжіндегі моңғол сарайында әрбір император (Шилудың) істерінің сипаттамалары бар тарихи мұрағат болған», оны моңғол тілінде тобчиян (ши) деп атаған және олар «патша отбасына жатпайтын адамдар үшін қолжетімді емес еді, яғни құпия болған» [3; 41]. Сондықтан «Юань-чао би-ши» деп аталатын қытай тіліндегі нұсқасы орыс тіліне «Тайная история династии Юань» сияқты аударылады. Демек туындының қытай тіліндегі нұсқасы қазақ тіліне «Юань әулетінің жасырын тарихы» деп аударылатынын байқаймыз. Алайда, еңбектің аталуында «моңғол» деген термин жоқ, тек «юань» термині бар. Сонымен қатар зерттеуші Б.И. Панкратов өз кезінде үлкен ғылыми зерттеу жасап, айналымға тың жаңалық енгізді.

Бұл ескерткішке берілген анықтамалар П. Кафаровтан бастау алады. Ол алғашында еңбекті «Шыңғыс хан туралы көне моңғол хикаясы», ал кейінірек — «Шыңғыс хан туралы анекдоттық хикаялар» деген атау ұсынған. И.Н. Березин, академик В.В. Бартольдтің пікірінше, ескерткішті «Моңғол-қытай жылнамасы» деп атаған. Ал В.В. Бартольдтің өзі бұл туындыға «хикая» атауын сақтап, оны батырлық эпос үлгілеріне жатқызуды жөн көрген [4; 30].

Б.Я. Владимирцов бастапқы кезеңде осы болжамдардың барлығын толық қолдағанымен, ескерткішті «эпикалық шежіре» ретінде қарастыру ұстанымында қалып, оның атауын «Құпия шежіре» деп аударуды ерекше табандылықпен жақтаған. Оның пікірінше: Шыңғыс қаған әулетінің қасиетті мұрасы тарихи жадыға айналды, өйткені бұл баяндау бір рудың немесе әулеттің ішінде болған маңызды оқиғаларды сақтаған дереккөз [4; 31].

Қытайша мәтіннің басында «Юань-чао ми ши», «Чинкиси кахан-ну кужаур» деген сөздер бар. «Чинкиси кахан-ну кужаур» қазақша Шыңғыс қағанның түп-тұқиянын, өмірбаянын егжей-тегжейлі баяндайтын шығарма деген сөз. Яғни, ғұмырнамасы деген мағына береді. Әрине ғұмырнамада тұлғаның ата-тегі, өміріндегі елеулі оқиғалар мен істеген ұлағатты істері және ол істердің жалғасын

табуы қатарлы мазмұндар қамтылады. Осынау тарихи еңбекте де дәл сондай баяндау тәсілі қолданылған» [5; 9], – дейді қытайтанушы Тілеуберді Әбенәйұлы. Аталған зерттеушінің тұжырымы негізді деп бағалауға болады. Дегенмен Тілеуберді Әбенәйұлы еңбегі ғылыми ортадан гөрі қоғамдық кеңістікте көбірек қызығушылық тудырғаны байқалады.

«Жамиғ ат-тауарих» еңбегі әлемдік ғылыми қауымдастыққа тек XIX ғасырда ғана кеңінен таныла бастады. Алғашында шығарма француз және ағылшын тілдеріне аударылды. Кейін 1858-1888 жылдар аралығында орыс зерттеушісі И.Н. Березин «История монголов» және «История Чингиз хана» [9] атты еңбектерінде «Жамиғ ат-тауарихтан» орыс тіліндегі үзінділерді жариялады. Еңбектің тарихи маңыздылығын ескере отырып, 1936–1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының ғалымдары бұл шығарманы толық көлемде орыс тіліне аударды.

Бұл кезеңде Б. Панкратов арнайы деректік және тілдік ресурстарға сүйенген полиглот-зерттеуші ретінде ғылыми қызметін жүйелі түрде жалғастырды. Ол Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағы» («Жамиғ ат-тауарих») атты іргелі еңбегінің 1952 және 1960 жылдары жарық көрген екі томына ғылыми ескертпелер дайындап, мәтіндік талдау мен деректанулық салыстырулар жүргізді. Зерттеуші еңбегінде Қытай, Моңғолия, Маньчжурия және Тибет тарихына қатысты мәліметтерді қайта қарастырып, бұған дейін бұрмаланған немесе көмескіленген деректерді қалпына келтірді. Сонымен қатар моңғол, түрік, қытай және өзге де антропонимдер мен топонимдердің транскрипциясын нақтылап, олардың тарихи-лингвистикалық негіздемесін ұсынды [3; 103]. Бұл зерттеулер ортағасырлық Шығыс тарихының күрделі мәселелерін жан-жақты зерделеуге, тарихи процестерді тереңірек түсінуге елеулі үлес қосты.

Шыңғыс қаған әулетінің өкілі Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі» (Шежіре-и түрк, 1665) атты еңбегінде де аталған тарихи үдерістер мен тұлғалар кеңінен көрініс тапқан. Бұл шығарма ғасырлар бойы тарихи маңызын жоймаған, түркі халықтарының тарихи жадын сақтауда айрықша рөл атқаратын рухани-тарихи мұра ретінде бағаланады.

Темүжіннің (кейінгі Шыңғыс қаған) туған жылы туралы тарих ғылымы әлі күнге дейін нақты бір тоқтамға келген жоқ. Зерттеушілер арасында негізінен екі түрлі болжам қалыптасқан: бір тобы оны 1155 жылы дүниеге келді десе, екіншілері 1162 жылды негізге алады. Бірқатар авторлардың пікірінше, Темүжін 1155 жылы Есукей батырдың отбасында дүниеге келген. Оның есімі — Темүжін, көне моңғол тілінде «темірші» [10; 7] деген мағынаны білдіреді. Бұл атау түрік-моңғол дүниетанымындағы темірдің киелі әрі берік күштің символы ретіндегі мәнімен сабақтасып жатыр.

Ортағасырлық шежірелік мәліметтерде: «Хижраның бес жүз тоқсан тоғызыншы (жаңа есеппен 1202 жылы) доңыз жылында қырық жасында Шыңғысты хан көтерді. Найман кіре деген жерде үлкен той жасап, ас берді» [11; 7], – деген дерек келтіріледі. Егер осы деректі негізге алсақ, 1202 жылы қырық жаста болған Темүжін шамамен 1162 жылы туған болып шығады. Бұл тұжырымды XVII ғасырдағы белгілі тарихшы Әбілғазы Баһадүр де қолдайды.

Ғұлама ғалым Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегінде Шыңғыс қағанның жасы 72-ге келген, 23 жыл тақта отырған деген мәлімет бар [12; 27]. Ғылыми зерттеулер нәтижесінде жазылған дереккөздерде Шыңғыс қаған 1227 жылы қайтыс болды делінген. Демек ғалымның пікірі бойынша Темүжін 1155 жылы өмірге келіп, 72 жасында 1227 жылы қайтыс болған. «Моңғолдың құпия шежіресінде» Шыңғыс қағанның доңыз жылы, яғни 1227 жылдың жетінші айының он екісінде Дөрмегей кентінде дүниеден өткені туралы айтылады [6; 188].

Темүжіннің әкесі — Есукей батыр қият руынан шыққан. Қият мұғұлдан тарайды. «Рашид ад-дин де «мұғұлдар мен түркілер бір ғана Яфестен тараған» дегенді алға тарта келіп, өз еңбегін «Қазіргі уақытта мұғұл» деп аталып келе жатқан түркі тайпалары туралы» деген тақырыппен баяндайды. Түркі тайпаларының жалпылама татар аталғаны да осы бөлімде айтылады. «Түркі және мұғұл тайпалары мен руларының бәрі бірі-біріне ұқсас және олардың тілдерінің негізі, яғни шығу тегі де түгелдей бір, мұғұлдар тек түркілердің бір сыныпы (тобы) ғана болып табылады...» [12; 56]. Белгілі тарихшы Е. Кычанов Шыңғыс қағанның ататек шежіресіне қатысты зерттеулерінде Рашид ад-диннің мәліметтерін қолдай отырып, нируун тайпасынан тараған ұрпақтардың өзін «қият» [10; 13], – деп атағанын атап көрсетеді.

Түрік-моңғол тайпаларының шығуы, ата-бабалары туралы аңыздар тарихта жиі кездеседі. Шыңғыс қағанның құзар тегі Дергей жоғары Тәңірден жарасты туған Бөрте-Чынұ екен. Кербезі (әйелі) Қоғай Марал сұлумен бірге Онон өзені басталатын Бұрхан-Қалдун тауына көшіп келеді. Ұлының есімі — Бата-Чықан деп баяндалады [7; 57]. Міне осы кезеңнен бастап Шыңғыс қағанның

өзіне дейінгі жиырма екінші атасынан бастау алатын шежіре өрбиді. Добун мерген — Темүжіннің он бірінші атасы, ал оның жұбайы Алұн сұлу ретінде белгілі.

Моңғол тарихшысы А. Амар өзінің «Көшпенділердің қысқа тарихы» атты еңбегінде Бөрте Чыңу, Қоғай Марал екеуін тотемизмнен туған наным кейіпкерлері деген болжамдарға қарсы болады. Бұлар — тарихи адамдар. Олар — күллі моңғол этносының ата тегі емес, моңғол хандарының бір үлкен тайпасының түп атасы» [13; 8], — деп түсініктеме береді.

Туындының «Темүжіннің тегі мен балалық шағы» деп аталатын алғашқы бөлімінде Шыңғыс қағанның ата-бабасы туралы жазылып, оның арғы атасы «нұрдан жаратылған» делінеді. Шежіреде бұл ұғым «нируун» деп берілген, бұл сөз «аруақты тұқым», «таза текті ру» деген мағына береді. Нируундардың тарихы туралы «Моңғолдың құпия шежіренің» 20-бабында: «Содан соң Алун сұлу бүй дейді: «Белгінүтей мен Бүгінүтей, екеуің мына үшеуі қайдан туды?», — деп күмәндандыңдар ғой. Күмәнданудың да жөні бар шығар», — деп, шығарманың 21-бабында оған түсінік береді: «Бірақ сендер бұл жайдың мәнін түсінген жоқсыңдар. Түн сайын бір ақсары адам біздің үйдің шаңырағын жап-жарық қып кіріп келіп, менің құрсағымды сипағанда, оның нұры жатырыма сіңіп кететін, Ол адам (шығар) күн мен (батар) айдың арасында сары итше еркелеп шығып кететін. Бұл жайды білмей жатып неменеге күмәнданасыңдар? Алланың асасынан берген ұлдар ғой бұлар. Оларды тобырларға теңеуге бола ма? Қарапайым адам хаған болса ғана оның мәнін түсінер» [6; 28]. Шыңғыс қағанның шығу тегін ерекше, тылсым сипатта көрсету — оның билікке лайықты тұлға екенін дәлелдеуге бағытталған дәстүрлі мифологиялық тәсіл. «Нұрдан жаратылу» концепциясы — билеушіні қарапайым халықтан жоғары, текті және киелі күш иесі ретінде сипаттауға мүмкіндік беретін архетиптік бейнемен байланысты болды. Сайын үйге еніп, жарық шашатын ақсары бейненің құрсағына нұр түрінде енуі — исламдағы, христиандықтағы және көне түркілік дүниетанымдағы киелі тектің пайда болу мифтерімен үндеседі. Мұндағы нұр — рухани белгі, яғни құдірет иесінің нышаны ретінде сипатталады. Бұл бейне арқылы Шыңғыс қағанның өмірге келуі кездейсоқ емес, киелі жоспардың бір бөлігі ретінде көрініс табады.

Әбілғазының «Түрік шежіресінде» бұл әңгіме Алаңқо жайлы аңызда көркем әрі егжей-тегжейлі баяндалады. «Алаңқоның таңғажайып хикаясы» деп аталатын тараушада: «Алаңқоның күйеуі Дубун Баян өлгеннен кейін атасы Жұлдыз ханның аға-інілерінің балалары, нөкерлері әрқайсысы бізге күйеуге шық деп ұсыныс жасады. Алаңқо олардың бәріне де: «Мен өлгенімше ешкімге тұрмысқа шықпаймын, ұлдарым жігіт болғанша елді өзім басқарамын, одан соң ұлдарыма тапсырамын» деп жауап берді. Бұдан бірнеше жыл өткенде бір кеште ұйықтап жатып оянды. Таң сәріде түндіктен бір жарық түсті, жарықтың ішінде түсі шикіл сары, көзі көкшіл адам елестеді. Алаңқо шошып, қасында жатқан әйелдерді тұрғызбақ болып айғайлайын деп еді, дауысы шықпай, тілі байланып қалды, тұрайын деп еді, аяқ-қолының жаны кетіп барады, бірақ ақылын жоғалтқан жоқ. Ол адам жайлап қасына келді, мұнымен қосылысқаннан кейін түндіктен шығып кетті. Жұрт бәрібір сенбес деп, бұл жағдайды ешкімге айтпады. Бес-алты күннен соң әлгі адам тағы келді, бірнеше күнде келіп тұратын болды. Бірінші келген күннен кейін Алаңқо екіқабат болды. Төрт-бес айлық болғаннан соң туысқандары жиылып келіп, жүкті болғанының жағдайын сұрады. Алаңқо жиылғандарға барлық оқиғаны баяндап берді» [10; 46]. Шындығында, бұл аңыздық көрініс туындыда Алұн сұлу мен нұрдан жаралған ұлдарға қатысты эпизодпен мазмұндас әрі идеялық үндестікке ие. Мұнда да баланың әкесі ретінде құпия, құдіретті бір бейне көрсетіледі, ал баланың өмірге келуі — әдеттегі биологиялық жолмен емес, қасиетті, тылсым күш арқылы жүзеге асады. Яғни, Әбілғазы бұл аңызды тек тарихи дерек ретінде емес, рухани сабақтастықтың бір нышаны ретінде көрсетеді. Осылайша, көркем әрі символикалық бейнелеу арқылы ол Шыңғыс қағанның ата-тегін адамзаттан жоғары, қасиетті сипатқа ие тұлға ретінде көрсетуге тырысады.

Рашид ад-дин де өзінің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегінде Шыңғыс қағанның ата-тегі туралы баяндау барысында Алан Куа бейнесін ерекше сипаттайды. Шығарманың екінші бөліміндегі «Дубун Баян мен оның әйелі Алан Куаның бейнесі, олардың ұлдарының тармақтары жайлы» әңгімесінде: «Жоғарыда аты аталған Дубун Баянның қоралас руынан шыққан өте пәк (инабатты, жақсы мінез-құлықты) Алан Куа атты әйелі бар еді. Одан оның екі ұлы бар болатын, бірінің аты — Билгунутай (Білгенетай), екіншісі — Бугунутай (Бөгенетай). Олардың ұрпағынан екі мұғұл руы тарайды. Кейбіреулер олардың анасы Алан Куа болғандықтан нируун руына жатқызса, басқалар дүрліккен руына (жатқызады). Себебі нируун руы үзілді-кесілді түрде Алан Куаның күйеуі дүниеден өткен соң туылған үш ұлынан тарайды деп есептейді. Бұл мәселеге қатысты көптеген келіспеушіліктер бар. Дегенмен ол (жағдай туралы айтылғанның) екінші нұсқасы (адамдарға) көбірек белгілі және

киястағанға (салыстырып қарағанда шындыққа) жақындау» [12; 215], – деп жазды. Рашид ад-дин бұл мәселеде екі түрлі көзқарас барын атап көрсетіп, екіншісін — яғни «нұрдан жаратылған» ұғымына негізделген нұсканы кең таралған әрі тарихи шындыққа біршама жақынырақ нұсқа ретінде сипаттайды. Бұл — сол дәуірдегі тарихи және аңыздық танымның өзара араласқанын көрсетеді.

Одан әрі әңгімені жалғастырып, былай дейді: «Бұл жағдайға Алан Қуа қатты таңданып, шошынды, содан бұл жайлы ешкімге айтпады. Біраз уақыт өткен соң ол өзінің жүкті болып қалғанын түсінді. Алан Қуаның жүгінен босануының уақыты келген кезде, оның күйеуінің бауырлары мен туыстары жиналып келіп Алан Қуаға: «Қалайша күйеуі жоқ әйел өзіне жасырын күйеу тауып алмай тұрып жүкті болып қалуы мүмкін?!», – дейді. Алан Қуа оларға жауап беріп: «Осылайша менің күйеуім жоқ бола тұра (жүкті болып) бала босағандығымнан сіздердің ойлаған болжауларыңыз әділетті және айтып тұрған күдіктеріңіз де сырттай (қараса) дұрыс. Алайда ешбір шүбә жоқ расында, кейбір күдіктер күнә болып табылады». Қалайша мен (мұндай) сөуге лайық (арсыз) істі (ол мен бүкіл қауым алдында) ұятқа қалдыратынын (біле тұра, істей алатын едім?! Ия, мен әр күні түнде (ұйықтап жатқанымда), түсімде бір сарылау түсті, көзі көк кісінің маған ақырын-ақырын жақындап келіп, содан соң жайлап кері қайтатынын көремін. Мен оны өз көзіммен (анық) көремін. Мен жайлы сендердің әрқандай ойлаған (ойларың мен) күдіктерің дұрыс емес. Мен дүниеге алып келген бұл балалар, (адамдардың) ерекше тобына жатады. Олар (бұл балалар) өсіп, ұлғайып, бүкіл халықтың патшалары мен хандарына айналған кезінде сендерге де және қараша қауымның барлығына да менің жағдайымның (расында) қандай болғаны анық ақиқат болады» [12; 224]. Бұл үзіндідегі Рашид ад-диннің Алан Қуа туралы баяндауы терең мифологиялық, символикалық және әлеуметтік мәнге ие. Осы әңгіме арқылы автор Шыңғыс қағанның арғы тегін тек тарихи дерекпен емес, қасиетті, тылсым сипаттағы оқиға арқылы сипаттауға тырысады.

Шыңғыс қағанның ататек шежіресі мен руы туралы басқа әдебиеттерде кездесе бермейтін құнды мәліметтер бар. Сондай-ақ, автор Алан Қуаның ұлдарына берген тәрбиесі мен айтқан өсиетін де шебер жеткізе білген. Бұл тәрбиелік мазмұн — кейін Шыңғыс қағанның саяси тұлға болып қалыптасуына негіз болған рухани іргетастың көрінісі іспеттес. Алан Қуа балаларына бірлік пен ынтымақтың маңызын түсіндіріп, оларды текті ұрпақ ретінде өсіруге тырысады. Бұл арқылы ол көшпелі қоғамдағы әйел-ананың тек тәрбиеші ғана емес, рухани ұстаз әрі болашақ көсемдердің тұлғасын қалыптастырушы екенін аңғартады.

Аталған дереккөзде тайпалар арасындағы ішкі оқиғалар кең қамтылғанымен, Шыңғыс қағанның әскерінің басқа мемлекеттерге жасаған жорықтары қысқа әрі жалпылама түрде баяндалған. Ал осы кезеңдегі әскери-саяси оқиғалардың толық әрі жүйеленген нұсқасын Рашид ад-диннің еңбегінен кездестіруге болады. Бұл шығармада империяның құрылуы, оның әкімшілік жүйесі, жорықтардың географиясы мен кезеңдері егжей-тегжейлі сипатталған.

Халқымыздың би-шешендері мен ақын-жыраулары әрқашан өсиетті сөздері мен ғибратты өлең-жырларында әрдайым бірлікті насихаттап отырған.

«Бірлігі бар елдің белін ешкім сындырмас» деген халық даналығы мен Төле бидің «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген сөзі — ел тұтастығының маңызын терең ұғындырған тағылымды тұжырымдар. Осындай өсиетті сөздер ұрпақтан-ұрпаққа өнеге ретінде жалғасып келеді. Бірлік, ынтымақ және татулық идеясы — шығарманың басты рухани өзегін құрайды. «Құпия шежіренің» 19-бабында: «Көктемнің бір күні Алұн сұлу қойдың сүр етін асып, Белгінүтей, Бүгінүтей, Бұқа-қатық, Бұқаты-салжы, Бодыншар-мәжнүн бесеуіне береді де, қатарласып отырған оларға бір-бір шыбықтан «сындыр» деп ұсынады. Олар бырт-бырт еткізіп сындырады. Онан соң әлгіндей бес шыбық ағашты біріктіріп буады да: «Ал, енді сындырыңдар», – дейді. Бірақ оны ешкім сындыра алмайды» [4; 80], – деп баяндайды. Дереккөздің 22-бабында бұл істің түсіндірмесін келтіреді: «Онан соң Алұн сұлу тағы да тәлім сөзін жалғайды: «Бесеуің де менен тудыңдар емес пе? Егер сендер жеке-жеке кетсеңдер, мына жалғыз шыбық сияқты бөгде біреулер тез бырт еткізеді. Егер бірлік ынтымақта болсаңдар, мына бұған шыбық сияқты берік боласыңдар. Сендерге ешкімнің әлі жетпейді», – дейді. Алұн ананың ұлдарын бірлікке шақыруы дереккөздің басқа тараулары мен баптарында (23-37) баяндалады. Ал 39-бабында: «Сол жерден ағайынды бесеуі әлгі елге шабуыл жасап, жылқысын тартып алып, халқын малай етеді», – деп автор өсиеттің жемісін баяндайды [6; 29-30]. Бұл әңгімеде Алұн сұлу балаларына қарапайым мысал арқылы бірліктің мәнін терең жеткізеді. Жекелеген шыбықтар оңай сынғанымен, оларды біріктіргенде мызғымас күшке айналатыны секілді, ағайынды бес ұл да тек бірлікте болса ғана мықты болатынын ұғындырады. Бұл тәлім сөз кейінгі оқиғалармен өз дәлелін табады: ағайындылардың бірігіп елге шабуыл жасап, жеңіске жеткені — бірліктің нақты жемісі ретінде

көрініс табады. Ал, Алұн ананың бейнесі — тек ана емес, ұлтты ұйыстыратын кеменгер тұлғаның үлгісі ретінде берілген. Оның ұрпақтары бірлесіп, ауызбіршілікпен күшті империяның негізін қалайды.

Шыңғыс қаған өміріндегі жеткен жетістіктерінің астарында осы «бірігу» ұстанымы қалыптасқан. «Моңғолдың құпия шежіресі» мен кейінгі тарихи шежірелерде Шыңғыс қаған тұлғасы тек әскери-саяси көшбасшы ретінде ғана емес, рухани-тарихи мұраның өзегі ретінде көрініс табады. Бұл көзқарас тек тарихи еңбектермен шектелмей, әдебиетте де өз жалғасын тапты.

«Тұмайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.
Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы,
Төле атаға тартып туған бәрі бөрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі —
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе.
Тұранның билері бар Тарағайдай,

Сол биден Темір туған от боп ойнай» [14; 175], – деген ақын Мағжан Жұмабаевтың өлең жолдары Шыңғысты ерекше ерлік пен терең парасаттың, болаттай жігердің иесі ретінде сипаттайды. Оны Тұран даласының билеушілерімен, Темірмен сабақтастыра отырып, ұлттық мақтаныш деңгейінде көрсетеді.

Шыңғыс қағанның ататек шежіресіне қатысты деректердің молдығы зерттеушілер үшін ерекше қызығушылық тудырады. Бұл мәліметтер корпусын сыни тұрғыдан талдау олардың бірқатарының тарихи шындыққа едәуір жақын екендігін, әсіресе «Құпия шежіре» деректерімен мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан үндесетінін көрсетеді. Аталған дереккөздер арасындағы сәйкестіктер Шыңғыс әулетінің шығу тегі мен генеалогиялық желісін реконструкциялауда маңызды рөл атқарады. Дегенмен әрбір дереккөздің жазылу уақыты, идеологиялық контексті және баяндау дәстүрі ескеріледі. Зерттеу деректері мен Рашид ад-дин тұжырымдары ірі тайпалық бірлестіктердің тарихи қалыптасуы ортақ негізден бастау алатынын көрсетіп, түрік этносының көптеген дала халықтарының түпкі өзегі болғанын айқындайды. Сонымен қатар «Моңғолдың құпия шежіресінде» кездесетін моңғол, татар, найман, керей, қоңырат, меркіт, жалайыр, нирун, қият т.б. тайпалардың өз алдына мемлекет, ұлыс болып өмір сүргендігін көрсетеді.

Талқылау

Дереккөзді аудару ісімен белгілі кеңестік моңғолтанушы әрі қытайтанушы Б.И. Панкратов та айналысқан, алайда оның еңбегі аяқталмай қалған. Ал жазылған бөлігі әлі күнге дейін жарияланбаған және Ресей ғылым академиясының Шығыстану институтының шығыстанушылар архивінде (Санкт-Петербург) сақтаулы [15; 6]. Оның еңбегі XIII ғасырдағы осы ескерткіштің ғылыми реконструкциясы мен лингвистикалық дәлдігінің эталоны болып саналады. Түпнұсқа моңғол тілінде сақталмай, мәтін қытай иероглифтік транскрипциясы түрінде жеткендіктен, Б.И. Панкратов орта моңғол тілінің бастапқы дыбысталуын қалпына келтірді. Ол ескерткіштің алғашқы атауы «Юань би-ши» болған деген болжам ұсынды, ал «чао» (әулет) сөзі кейінірек қосылған деп есептейді.

1962 жылы ол 15 тараудан тұратын, бұған дейін П.И. Кафаров сатып алған бірегей қолжазбаның факсимилесін қамтитын «Юань-чао би-ши: Моңғолдардың құпия тарихы» еңбегінің бірінші томын жариялады. Автордың көзі тірісінде толық аудармасы мен түсіндірмелері жарық көрген жоқ, оның материалдарының бір бөлігі мен аударма үзінділері тек 1990 жылдары ғана «Mongolica» жинағында және басқа басылымдарда жарияланған.

Бөрте Чыңу мен Қоғай Маралдан туған ұлдың есімі көптеген аудармаларда Бата-Чиган, Батшаған түрінде берілсе, ал Б.И. Панкратовтың аудармасындағы Батачи-хан шындыққа барынша жақын деп пайымдауға болады. Қазақ тіліндегі баламасы Баташы-хан түрінде қолданылады. Синолог ғалым қолданған жалқы есімдердің формалары әртүрлі себептерге байланысты өзге аудармашылар пайдаланған нұсқалармен сәйкес келе бермейді.

Моңғол және түркі дереккөздерінде бір тарихи тұлғаның есімі әртүрлі нұсқада кездеседі. Мәселен «Моңғолдың құпия шежіресінде» ол Алун сұлу деп аталады. Ал Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегінде бұл есім Алан Қуа түрінде берілсе, Әбілғазы Баһадүр ханның шежіресінде

Алаңқо нұсқасы кездеседі. Бұл айырмашылықтар әр дәуірдегі тілдік ерекшеліктермен, сондай-ақ дереккөздердің аударылу және жазылу дәстүрімен байланысты болуы мүмкін.

Б.Я. Владимирцев өзінің 1934 жылы шыққан «Моңғолдардың қоғамдық құрылысы» атты классикалық еңбегінде бұл туындының деректерін «көшпелі феодализм» теориясын негіздеу мақсатында кеңінен пайдаланған. Академиктің моңғол тіл білімі мен әдебиетіне қатысты жүргізген іргелі зерттеулері 1941 жылы «Құпия шежіренің» тұңғыш толық орыс тіліндегі аудармасын дайындау барысында С.А. Козин үшін маңызды ғылыми-әдіснамалық негіз қызметін атқарды [5; 27]. Зерттеуші ғалым Шыңғыс қағанның тұлғасын «Құпия шежіре» тұрғысынан талдап, оны кездейсоқ жаулап алушы ретінде емес, өз дәуірі мен халқының тарихи-әлеуметтік дамуының жемісі ретінде қарастырған.

Дереккөздің ғылыми атауы болып табылатын «Юань-чао би-ши»-дің толық мәтіні мен аудармасының жарық көруі шығыстану саласындағы жетістіктің бірі. «Юань-чао би-ши» мәтінімен көптеген елдердің ғалымдары тарапынан тоқтаған емес, әлі де жүргізілуде. Осындай монументалды еңбектің жүзеге асуына себепкер болған кеңестік ғалым екендігін біз орынды түрде мақтан тұтуымыз керек. Бұл — біздің кеңестік шығыстану ғылымының жетістігі [4; 77]. Мұнда автор кеңестік кезеңдегі сыншыл идеологиялық саясат аясында мәдени тұрғыдан талдауға ұшыраған С. Козиннің 1941 жылы «Сокровенное сказание монголов» атауымен жарық көрген еңбегіне ғылыми тұрғыда сипаттама береді.

Көрнекті моңғол ғалымы Ц. Дамдинсүрэннің пайымдауынша, «Моңғолдардың құпия шежіресі» тікелей моңғолдық төл жазба дәстүрінің өнімі емес, тарихи жағдайларға байланысты Мин дәуірінде қытайлық тарихнамалық ортада жүйеленген шығарма ретінде қарастырылады [2; 28]. Ғалымның пікірінше, еңбектің тілдік ерекшеліктері оның бастапқы нұсқасының сақталмауын немесе мүлде болмауын да жоққа шығармайды. Бұл тұжырым аталған дереккөздің қалыптасуы мен бізге жету жолын қайта пайымдауды талап етіп, оны зерттеуде деректанулық және тілдік талдаудың маңыздылығын айқындайды.

Жоғарыда талданған үш дереккөзде баяндалатын оқиға желісінің мазмұндық тұрғыдан өзара сәйкестігі олардың деректік үндестігін айғақтайды. Мұндай сәйкестік келтірілген мәліметтердің шындыққа жақын екенін көрсетеді. Шежірені баяндау арқылы авторлар Шыңғыс қаған тегінің тылсым мен ақиқаттың тоғысынан тарайтынын дәлелдейді. Бұл мәліметтердің барлығы билеуші әулеттің ерекше жаратылысын, киелілігін, көктен түскен нұр арқылы дүниеге келуін халық санасында бекітуге бағытталғандығы байқалады.

XIII ғасырда Шыңғыс хан негізін қалаған Моңғол империясы Еуразияның елеулі бөлігін қамтыған ірі саяси-әскери құрылым болды. Оның жорықтары Шығыс Азиядан Орталық Азияға, Таяу Шығыс пен Шығыс Еуропаға дейін таралып, сол дәуірдегі саяси картаны түбегейлі өзгертті. Империя қатаң әскери тәртіпке, орталықтандырылған басқаруға және жылдам қозғалатын атты әскер жүйесіне сүйенді. Бұл оның кең аумақтарды қысқа мерзімде бағындыруына мүмкіндік берді және Еуразиядағы саяси-экономикалық байланыстардың қайта құрылуына әсер етті. Еуразия даласында ерте дәуірден бастап сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, түрік, түргеш, оғыз, қыпшақ және қимақ сияқты көптеген тайпалық бірлестіктер өмір сүрді. Ең соңында Мұғұл (түркі) деген атаумен бір шаңырақтың астына біріге отырып, дүниені дүр сілкіндіріп, осы атты барша түркі баласының атауына айналдырып кетті. Бұл қауымдастықтар аймақтың этникалық және мәдени дамуына елеулі ықпал етті. Одан кейін Мұғұл (түркі) атауы үнсіз өшіп барып, Шыңғысхан құрған алып империяның атауы болып бір-ақ шықты. Әлемге танылған бұл атау — бізге естілмеген, білмеген термин ретінде тарих сахнасында осылайша пайда болды [16; 8]. Тарихшы-деректанушы ғалымдар «Мұғұл» (түркі) атауын Ұлы далада өмір сүрген тайпалардың ортақ атауы ретінде қарастырады. Бұл атаудың алғаш рет IX ғасырда Алтай өңірін мекендеген тайпаларға қатысты қолданылғаны жөнінде деректер, атап айтқанда, Тибет және Алтай түркілері арасындағы келісімге байланысты тас жазбаларда «мұғұлдар» атауы кездесетінін айтады. Осы мәліметтер мұғұл тайпаларының тарихи болмысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар аталған деректер жоғарыда ұсынып отырған тұжырымдарды толықтырып, олардың ғылыми негізділігін айқындай түседі.

1930–1940 жылдары КСРО-да «пантүркизмге» қарсы күрес жүргізіліп, түркі мұрасына қатысты деректердің көпшілігі ғылыми айналымнан әдейі ығыстырылды. Соның салдарынан «Құпия шежіренің» аудармасы саяси бақылау жағдайында жасалды [17; 570]. Кеңес өкіметінің идеологиялық

қысымы туынды мәтінінің ғылыми аудармасына саяси сүзгі арқылы ықпал етіп, оның мазмұндық объективтілігіне кері әсер етуі мүмкін жағдай қалыптастырған.

«Моңғолдың құпия шежіресі» деген атаумен ғылымда кеңінен танылған бұл туынды кеңестік кезеңде бірқатар зерттеушілер тарапынан аударылып, ғылыми айналымға енгізілген. Аталған еңбектің мәтіндік нұсқаларында және атау жүйесінде кездесетін кейбір сәйкессіздіктер мен ықтимал бұрмалауларға қарамастан, оның тарихи деректік және мәдени-танымдық құндылығы жоғары екендігі ғылыми ортада мойындалған. Сонымен қатар әлемдік ғылыми кеңістікте бұл туындының атауының шарттылығы мен жасандылығы жөнінде пікір білдіріп жүрген зерттеушілер бар. Осыған байланысты аталған туындының тарихи-мәдени контексіне неғұрлым сәйкес келетін түпнұсқалық атауын қалпына келтіру қажеттілігі бүгінгі күннің талабы деп білеміз.

Қорытынды

«Моңғолдың құпия шежіресінің» бізге жеткен нұсқасы 282 баптан тұрады. Негізінен «Юань-чао би-ши» — Шыңғыс ханның іс-әрекеттерін сипаттайтын шежіре іспеттес. Кітап 282 бапқа бөлінген, оның алғашқы 68-і алдыңғы дәуір оқиғаларына, келесі 200-і Шыңғыс ханға, ал 14-і Үгедейге арналған. Немесе 12 тараудың (әрқайсысы 50 парақтан тұратын тараулар) 10 тарауы Шыңғысқа, ал 2 тарауы қалған барлық оқиғаларға арналады.

Рашид ад-дин, Әбілғазы баһадүр хан еңбектерінде көрсетілгендей, Шыңғыс қаған құрған мемлекеттің этникалық құрамы мен әскери құрылымы негізінен түрік-моңғол тайпалық бірлестіктерінен құралғанын пайымдайды. Бұл тұжырым ортағасырлық деректемелердің маңызды үлгілерінің бірі саналатын «Құпия шежіре» мәліметтерімен де сабақтасып, өзара толықтырыла түседі. Аталған дереккөздерде мемлекет құрамындағы тайпалардың шығу тегі, олардың саяси-әлеуметтік ұйымдасу ерекшеліктері және әскери жүйедегі орны жан-жақты сипатталады.

Жалпы алғанда, бұл шежірелік мұраның ғылыми айналымдағы маңызы оның көпқырлы мазмұнымен айқындалады: онда тарихи деректермен қатар, әртүрлі ғылым салалары үшін құнды мәліметтер тоғысқан. Осыған байланысты бұл еңбек ұзақ уақыт бойы зерттеушілер назарынан тыс қалмай, кешенді түрде зерделеніп, көптеген ғылыми тұжырымдардың қалыптасуына негіз болды. Шығармадағы аңыздық баяндаулар мен нақты тарихи оқиғалардың өзара сабақтастығы халықтың дүниетанымы мен тарихи жадын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Демек шежірені зерттеу тек өткен кезеңдерді қайта қарастырумен шектелмей, ұлттық болмысты терең түсінуге, тарихи сананы жаңғыртуға және рухани мұраны сақтауға бағытталған маңызды ғылыми-танымдық үдеріс ретінде бағалануы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу: монография / М.А. Алпысбес. — Астана, 2013. — 380 б.
- 2 Аяган Б.Г. Сюжеты по истории древних ойрато-тюркских сообществ в тексте «Сокровенного сказания монголов» в русскоязычном переводе С.А. Козина / Б.Г. Аяган // Nomadic civilisation: historical research. — 2023. — № 4. — С. 22–36.
- 3 Панкратов Б.И. Образцы переводов из «Юань-чао би-ши» (подготовка к печати и предисловие Ю.Л. Кроля) / Б.И. Панкратов. — Москва: «Наука». Издательская фирма «Восточная литература», 1993. — 343 с.
- 4 Козин С.А. Сокровенное сказание: Монгольская хроника 1240 г. Под названием Mongolun niyusa tobciyan Юань Чао Би Ши: Обыденный изборник / С.А. Козин. — Москва, 1941. — Т. 1. — 619 с.
- 5 Владимирцов Б.Я. Работы по истории и этнографии монгольских народов / Б.Я. Владимирцов. — Москва: Изд. фирма «Восточная литература», 2002. — 557 с.
- 6 Моңғолдың құпия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпенділер шежіресі). — Ауд. М. Сұлтаняұлы. — Алматы: Өнер, 1998. — 224 б.
- 7 Базылхан Б. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері / Б. Базылхан, М. Әбусейітова. — Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2006. — 477 б.
- 8 Әбенайұлы Т. Құпия шежіренің құпиясы / Т. Әбенайұлы. — Алматы: «Шапағат-Нұр», 2013. — 686 б.
- 9 Рашид-ад-дин. История монголов: история Чингиз-Хана от восшествия его на престол до кончины / Рашид-ад-дин; пер. на русс. И.Н. Березина. — Санкт-Петербург: типография Императорской Академии наук, 1888. — 262 с.
- 10 Кычанов Е. Жизнь Темучжина, думавшего покорить мир / Е. Кычанов. — Алма-Ата: Жалын, 1992. — 128 с.
- 11 Әбілғазы Б. Түрік шежіресі / Б. Әбілғазы. — Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1991. — 208 б.
- 12 Рашид ад-дин. Жамиғ ат-тауарих / Рашид ад-дин. — Астана: Фолиант, 2018. — 1-т. — 596 б.

- 13 Амар А. Көшпенділердің қысқа тарихы / А. Амар; моңғол тілінен қазақ тіліне ауд., түсінікт., көрсеткіш. жасаған Ж. Хамай. — Алматы: Атажұрт, 2011. — 216 б.
- 14 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, кара сөздер / М. Жұмабаев. — Алматы: Жазушы, 1989. — 448 б.
- 15 Кроль Ю.Л. О работе Б.И. Панкратова над «Юань-чао би-ши» / Ю.Л. Кроль // Страны и народы Востока. — Вып. XXIX. — СПб.: «Петербургское востоковедение», 1998. — 336 с.
- 16 Дулати А. Мұғұлдар (түркілер) деген кімдер? / А. Дулати // Шыңғысхан. — 2023. — № 1(42). — Б. 7–34.
- 17 Ayagan B.G. On the history of the translation of “The secret history of the mongols” by S.A. Kozin / B.G. Ayagan // Otan tarikhy. — 2025. — № 3. — P. 563–572.

Г.Ж. Бейсембекова, М.А. Алпысбес

Родословная Чингиз кагана: к вопросу исторического источника

Статья посвящена научно-академическому анализу проблем, связанных с исторической ролью и образом Чингисхана, на основе научной литературы и источников, относящихся к его личности. Средневековый исторический источник в науке ориентирован на выводы о написании и изучении произведения, условно известного как «Сокровенное сказание монголов». В статье анализируется, что в период Советского Союза труды таких ученых, как Б.И. Панкратов, С.А. Козин и Б.Я. Владимирцов, легли в основу формирования советской школы монголоведения путем комплексного изучения языковых, исторических и структурных особенностей текста, создания научных переводов и объяснений. На просторах Евразии отдельные сюжетные фрагменты характеризуют быт и историческую идентичность тюркско-монгольских племен, ведущих кочевой образ жизни в XIII–XIV веках, занимавшихся четырехплодным скотоводством и коневодством. В этой же полевой среде этот исторический источник, рассказывающий о рождении, происхождении, образе жизни и процессе политического становления династии Торе, рассматривается как важный материал, служащий признанию исторической реальности. Родословная и преемственность поколений династии Чингисхана систематически дифференцируются, а родственные отношения между ними излагаются на структурной основе. В методической части статьи анализируются данные, относящиеся к «сотворённым из света» предкам Чингисхана, представленным в «Сокровенном сказании монголов». Кроме того, содержание данного произведения сопоставляется с историческими трудами Рашид ад-дина «Жами ат-таварих» и Абулгази Бахадур-хан «Туркская родословная», в результате чего выявляются сходства и различия общих сюжетов и исторических мотивов. Данные культурно-исторические памятники, сформированные в русле летописной традиции тюркских народов, играют важную роль в сохранении коллективной исторической памяти и систематизации сведений об отдельных исторических личностях. Исторические сюжеты выступают основой для осмысления общественных отношений, структуры власти и духовного мировоззрения эпохи Чингисхана. В ходе исследования в научном ключе рассматриваются вопросы взаимосвязи источников, специфика отражения исторической действительности и авторской позиции. Проведённый сравнительный анализ позволяет сделать вывод о высокой научной ценности и познавательной значимости данного источника, а также рассматривать его в качестве важной теоретико-методологической основы при интерпретации исторических данных.

Ключевые слова: «Сокровенное сказание монголов», Чингис каган, тюрки, монголы, племя, нируун, шежире, источниковедческий анализ, историография, кочевое общество.

G.J. Beissembekova, M.A. Alpysbes

The Genealogy of Chinggis Khan: On the Question of the Historical Source

The article is devoted to an analysis of issues related to the historical role and image of Chinggis Khan, based on scholarly literature and sources concerning his historical persona. It focuses on the conclusions regarding the composition and study of the medieval historical source conventionally known in scholarship as the “*Secret History of the Mongols*”. The study examines the process of the work’s integration into academic circulation, as well as the features of its translation into different languages at various stages, along with the scholarly value of different translation versions. The article also analyzes how, during the Soviet period, the works of scholars such as Boris Pankratov, Sergey Kozin, and Boris Vladimirtsov contributed to the formation of the Soviet school of Mongolian studies through a comprehensive examination of the linguistic, historical, and structural features of the text, as well as through the production of scholarly translations and commentaries. Within the Eurasian context, the everyday life and historical identity of Turkic–Mongolic tribal groups who led a nomadic lifestyle and engaged in livestock breeding and horse husbandry during the 13th–14th centuries are depicted through individual narrative fragments. In this steppe milieu, the historical source describing the birth, origins, life trajectory, and the political formation of the ruling Töre dynasty is regarded as an important material for reconstructing historical reality. The genealogy and generational continuity of the Chinggisid lin-

eage are systematically analyzed, and kinship relations among its members are presented in a structured manner. The methodological section of the article examines data concerning the ancestors of Chinggis Khan described in the “*Secret History of the Mongols*” as “born from light.” Furthermore, the content of this work is compared with the historical writings of Rashid al-Din, *Jāmi‘ al-Tawārikh*, and Abulgazi Bahadur Khan, *Shajara-i Turk (The Genealogy of the Turks)*, in order to identify similarities and differences in shared narrative plots and historical motifs. These cultural and historical legacies, formed within the framework of Turkic genealogical traditions, play an important role in preserving collective historical memory and systematizing data related to individual historical figures. Historical narratives provide a basis for understanding the social relations, structures of power, and spiritual worldview of the Chinggisid era. The study scientifically addresses issues of intertextual relationships between sources, the specifics of representing historical reality, and authorial perspectives. The comparative analysis enables the authors to demonstrate the exceptional scholarly and cognitive significance of this source, positioning it as an important theoretical and methodological foundation for the analysis of historical data.

Keywords: The Secret History of the Mongols, Chinggis Khan, Turks, Mongols, tribe, Nirun, genealogy, source criticism, historiography, nomadic society.

References

- 1 Alpysbes, M.A. (2013). *Qazaq shezhiresi: tarikhnamalyq-derektanulyq zertteu: monografiia* [Kazakh Genealogy: Historiographic and Source Study: Monograph]. Astana [in Kazakh].
- 2 Aiagan, B.G. (2023). Siuzhety po istorii drevnikh oirato-tiurkskikh soobshchestv v tekste «Sokrovennogo skazaniia mongolov» v russkoiazychnom perevode S.A. Kozina [Narratives on the history of ancient Oirat–Turkic communities in the text of the «Secret History of the Mongols» in the Russian translation by S.A. Kozin]. *Nomadic Civilization: Historical Research*, 4, 22–36 [in Russian].
- 3 Pankratov, B.I. (1993). *Obraztsy perevodov iz «Yuan-chao bi-shi» (podgotovka k pechati i predislovie Iu.L.Krolia)* [Samples of Translations from “Yuan-chao Bi-shi” (Preparation for Publication and Foreword by Y.L. Krol)]. Moscow: Nauka. Izdatelskaia firma «Vostochnaia literatura» [in Russian].
- 4 Kozin, S.A. (1941). *Sokrovennoe skazanie: Mongolskaia khronika 1240 g. Pod nazvaniem Mongolun niyuca tobciyan Iuan Chao Bi Shi: Obydennyi izbornik* [The Secret Chronicle: Mongolian Chronicle of 1240 under the title Mongolun Niyuca Tobciyan, Yuan Chao Bi Shi: Mong. Common Anthology]. Vol. 1. Moscow [in Russian].
- 5 Vladimirtsov, B.Ya. (2002). *Raboty po istorii i etnografii mongolskikh narodov* [Works on the History and Ethnography of the Mongolian People’s]. Moscow: Izdatelskaia firma «Vostochnaia literatura» [in Russian].
- 6 (1998). *Mongoldyn qupiia shezhiresi (XII-XIII gasyrlardagy koshpendiler shezhiresi)* [The Secret History of the Mongols (Nomadic Genealogy of the 12th–13th Centuries)]. M. Sultaniiuly (Trans). Almaty: Oner [in Kazakh].
- 7 Bazylkhan, B., & Abuseitova, M. (2006). *Qazaqstan tarikhy turaly mongol derektemeleri* [Mongol Sources on the History of Kazakhstan]. Almaty: Daik-Press [in Kazakh].
- 8 Abenaiuly, T. (2013). *Qupii shezhirenin qupiiasy* [The Secret of the Secret Chronicle]. Almaty: Shapagat-Nur [in Kazakh].
- 9 Rashid-ad-Din. (1888). *Istoriia mongolov: istoriia Chingiz-Khana ot vosshestviia ego na prestol do konchiny* [The History of the Mongols: The history of Genghis Khan from his accession to the throne to his death]. Saint Petersburg: Tipografiia Imperatskoi Akademii nauk [in Russian].
- 10 Kychanov, E. (1992). *Zhizn Temuchzhina, dumavshego pokorit mir* [The Life of Temüjin, Who Thought to Conquer the World]. Alma-Ata: Zhalyn [in Russian].
- 11 Abilgazy, B. (1991). *Turik shezhiresi* [Turkic Genealogy]. Almaty: «Ana tili» baspasy [in Kazakh].
- 12 Rashid ad-Din. (2018). *Zhamig at-tauarikh* [Jami‘ al-Tawarikh]. Vol. 1. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 13 Amar, A. A. (2011). *Koshpendilerdin qysqa tarikhy* [Short History of the Nomads]. Zh. Khamai (Trans.). Almaty: Atazhurt [in Kazakh].
- 14 Zhumabayev, M. (1989). *Shygarmalary: Olender, poemalar, qara sozder* [Works: Poems, Epics, Prose]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 15 Krol, Y.L. (1998). Pankratova nad «Yuan-chao bi-shi» [On B.I. Pankratov’s Work on “Yuan-chao Bi-shi”]. *Strany i narody Vostoka — Countries and Peoples of the East*, Issue XXIX. Saint Petersburg «Petersburgskoe vostokovedenie» [in Russian].
- 16 Dulati, A. (2023). Muguldar (turkiler) degen kim [Who Are the Mughuls (Turks)?]. *Shyngyskan — Genghis Khan*, 1 (42), 7–34 [in Kazakh].
- 17 Ayagan, V.G. (2025). On the History of the Translation of “The Secret History of the Mongols” by S.A. Kozin. *Otan Tarikhy*, 3, 563–572.

Авторлар туралы мәліметтер

Бейсембекова Гульбагира — PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0005-5542-8041>

Алпысбес Мақсат — тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>

Information about the authors

Gulbagira Beissembekova — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0005-5542-8041>

Maksat Alpysbes — Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of the History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>